


«Ақтөбе облысының білім басқармасы  
Қобда ауданының білім бөлімі» мемлекеттік  
мекемесінің «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы»  
коммуналдық қазыналық мемлекеттік  
мекемесі



«Коммунальное казенное государственное  
учреждение «Ясли - сад «Айгөлек»  
государственного учреждения «Отдел образования  
Кобдинского района Управления образования  
Актюбинской области»

**БҰЙРЫҚ № 34**

**«1» маусым 2023 жыл**

**ПРИКАЗ № 34**

**«1» июнь 2023 года**

**«Ақтөбе облысы білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі»ММ  
«Айгөлек»бөбекжай-бақшасы»МКҚК-ны**

Бегалы ауылы

**Комплаенс қызметіне жауапты тұлғаны бекіту туралы**

**Өндірістік қажеттілікке байланысты, БҰЙЫРАМЫН:**

1.2020 жылдың 6 қазанындағы Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»Занына сәйкес, «Айгөлек» бөбекжай-бақшасының қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауын қамтамасыз ету мақсатында ,комплекс қызметіне жауапты тұлға ретінде бөбекжай тәрбиешісі Жотаева Назира Тулеубековна тағайындалсын.

2.Осыған байланысты комплаенс қызмет туралы ережені ізірлеу және бекіту Жотаева Назира Тулеубековна жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

4.Осы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді

Директор:



**Ж.Т. Утепова**

Бекітемін  
«Айгөлек» бөбекжай-бақшасының  
директоры: *Ж.Т. Утепова*



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс –қызметкер бойынша лауазымдық нұсқаулық

## 1. Жалпы ережелері

1.1. Осы лауазымдық нұсқаулық бөбекжай бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын іске асыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін лауазымдық міндеттерді, құқықтар мен жауапкершілікті белгілейді.

1.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындауға жауапты тұлға ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасына сәйкес «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы» МКҚК бұйрығымен тағайындалады.

## 2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс –қызметінің мақсаттары, міндеттері, қағидалары мен функциялары

2.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі жұмысының негізгі мақсаты «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы» МКҚК және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асыруына мониторинг жүргізу болып табылады.

2.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ең үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;
- 2) «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету;
- 3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін Заңға сәйкес тиімді іске асыру.

## 2.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде мынадай қағидалар басшылыққа алыну ұсынылады:

- 1) «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы» басшылығының сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің тиімділігіне мүдделілігі;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттер мен ресурстардың жеткіліктілігі;
- 3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау жүйелілігі;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жұмысының ақпараттық ашықтығы;

- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру.

#### **2.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке мынадай функциялары ұсынылады:**

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және жаңғырту;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;
- 4) мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингтеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;
- 5) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын бөбекжай қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді Заңға сәйкес сақтауы тұрғысынан мониторинг жүргізу;
- 6) корпоротивтік әдеп құндылықтарын дамыту;
- 7) «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоротивтік Әдеп кодексін (боған кезде) сақтауын бақылау;
- 8) «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»
- 9) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария ашуды қамтамасыз ету;
- 10) сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және/немесе оларға қатысу;
- 11) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету жөніндегі жұмысты үйлестіру;



#### **3. Комлаенс-қызметі құқықтары, міндеттері мен жауапкершіліктері**

- 1) ұйымның ішкі құжаттарымен регламенттелген, бекітілген рәсімдер шеңберінде бөбекжайдың құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпарат пен материалдарды сұрата және ала алады;
- 2) өз құзыретіне жататын мәселелерді музей басшысының немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет есеп беретін өзге тұлғаның (органның) қарауына шығаруға бастамшылық жасай алады;
- 3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамшылық жасай алады;
- 4) мемлекеттік бағдарламалардың, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және оларды өз құзыреті шегінде іске асыруға қатыса алады;
- 5) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша мәжілістер ұйымдастыра және өткізе алады;
- 6) «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы туралы ақпараттың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын өктамасыз ету міндетті;
- 7) сыбайлас жемқорлықтың, корпоротивтік Әдеп кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге де ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың

болжамды немесе нақты фактілері бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті.

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы бөбекжай-басшысын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметесеп беретін өзге де адамды органды уақытылы хабардар етуге міндетті.

Лауазымдық құсқаулықты әзірлеген:

№	Аты-жөні	Қызметі	Қолы	Күні
1	Утепова Жамал Турешовна	директор		01.06.2023
2	Жотаева Назира Тулеубековна	әдіскер		01.06.2023

Таныстым:  \_\_\_\_\_

01.06.2023ж.